

БӨЛІМ: ОРЫС ТІЛІ

Латын әліпбиі болашақтың жарқыны

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.04.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/55878/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Латын әліпбиі болашақтың жарқыны

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі күн тәртібіне қойылғаны белгілі. Латын әліпбиінің қазақ тілін дамытудағы маңыздылығы, өзектілігі жан-жақты айтылғаны белгілі. Қазіргі таңда мектеп тарапынан мұғалімдер мен оқушылардан 14ші қараша күні латын әліпбиі таңбасымен жазылған диктанттар алынды. Бұл қазақ тілін жаңғыртудың басты көрсеткіші- латын жазуына көшу! Бұл қазіргі заман талабы. Тіл білімінің негізін қалаушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай : «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек» Сол себепті латын әліпбиінің жан-жақты талқылап, әрбір әріпті, әрбір таңбаны, әрбір белгіні терең талдап білуіміз қажет. Алғашында бәрі қоғамға тосын болатыны белгілі, еш нәрсе оңай қабылданбайды. «Көш жүре түзеледі» дегендей бұл жаңа қазақ әліпбиі өмірде қолдану барсында сүзгіден өтетіні анық. Латын әліпбиіне өту тәуелсіз еліміздің болашағын зор жарқын қылады деп сенемін. Қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуін, еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосады деп сенім артамын.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.